



**БҰЙРЫҚ**

*10 мамыр 2017 ж*  
Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *254*  
город Астана

**«Астана медицина университеті»  
акционерлік қоғамының  
2016 жылғы жылдық қаржы  
есептілігін бекіту және таза  
табысын бөлу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 7) мен 8) тармақшаларына, «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамы Жарғысының 82-тармағына, 97-тармағының 7) және 9) тармақшаларына, 2017 жылғы 7 наурыздағы «Айаудит» ЖШС тәуелсіз аудиторының есебіне, «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің ашық отырысының 2017 жылғы 3 сәуірдегі № 3 хаттамасына, «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі және вице-министрлері арасында міндеттерді бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 2 наурыздағы № 48 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі № КГИП-5-3654-КГИП-1505 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамының 2016 жылғы жылдық қаржылық есептілігі (010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 49 А, БСН:080940008218, ЖСК KZ47998ВТВ0000002926, «Цесна банк» акционерлік қоғамы, БСК: TSESKZKA);

2) 2016 жылдың қорытындысы бойынша «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамының 31 495 000 (отыз бір миллион төрт жүз тоқсан бес мың) теңге мөлшеріндегі таза табысын төмендегідей бөлу тәртібі:

2016 жылдың қорытындысы бойынша алынған «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамының 31 495 000 (отыз бір миллион төрт жүз тоқсан бес мың) теңге сомасындағы 100% (жүз) пайызы мөлшеріндегі таза табысы «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамы акцияларының

мемлекеттік пакетіне дивидендтерді төлеуге республикалық бюджеттің кірісіне жіберілсін;

3) 2016 жылдың қорытындысы бойынша «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамының бір жай акциясының есебінен 20 теңге 89 тиын (жиырма теңге сексен тоғыз тиын) дивидендтің мөлшері бекітілсін.

2. «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамы Басқармасының төрағасы:

осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік он күннің ішінде «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеті бойынша дивидендтердің аударылуын қамтамсыз етсін;

жылдық қаржылық есепті бекіткен күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде электрондық есепті қаржылық есептіліктің депозитарийін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымға жіберуді қамтамсыз етсін;

осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап он жұмыс күнінің ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын;

осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамының 2016 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мемлекеттік сатып алу және активтер департаментіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамының жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау вице-министрі**



**Л. Ақтаева**



БҮЙРЫҚ

10 маусым 2017 ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 257

город Астана

**О утверждении годовой финансовой  
отчетности и распределении чистого  
дохода акционерного общества  
«Медицинский университет Астана»  
за 2016 год**

В соответствии с подпунктами 7) и 8) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах», пунктом 82, подпунктами 7) и 9) пункта 97 Устава акционерного общества «Медицинский университет Астана», отчетом независимого аудитора ТОО «Айаудит» от 7 марта 2017 года, протоколом очного заседания Совета директоров акционерного общества «Медицинский университет Астана» от 3 апреля 2017 года № 3, приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 2 марта 2017 года № 48 «О распределении обязанностей между Министром и вице-министрами здравоохранения Республики Казахстан» и письмом Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 27 апреля 2017 года № КГИП-5-3654-КГИП-1505 **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить:

1) годовую финансовую отчетность акционерного общества «Медицинский университет Астана» за 2016 год (010000, город Астана, ул. Бейбитшилик, 49 А, БИН: 080940008218, ИИК: KZ47998ВТВ0000002926, акционерное общество «Цесна Банк», БИК: TSESKZKA) согласно приложению к настоящему приказу;

2) порядок распределения чистого дохода акционерного общества «Медицинский университет Астана» по итогам 2016 года в размере 31 495 000 (тридцать один миллион четыреста девяносто пять тысяч), следующим образом:

чистый доход акционерного общества «Медицинский университет Астана», полученный по итогам 2016 года в размере 100% в сумме 31 495 000 (тридцать один миллион четыреста девяносто пять тысяч) тенге, направить на

выплату дивидендов на государственный пакет акций акционерного общества «Медицинский университет Астана» в доход республиканского бюджета.

3) размер дивиденда по итогам 2016 года в расчете на одну простую акцию акционерного общества «Медицинский университет Астана» 20 тенге 89 тиын (двадцать тенге восемьдесят девять тиын).

2. Председателю правления акционерного общества «Медицинский университет Астана»:

в течение десяти календарных дней со дня подписания настоящего приказа обеспечить перечисление дивидендов по государственному пакету акций акционерного общества «Медицинский университет Астана»;

в течение десяти рабочих дней со дня утверждения годового финансового отчета обеспечить направление электронного отчета в организацию осуществляющую деятельность по ведению депозитария финансовой отчетности;

в течение десяти рабочих дней со дня подписания настоящего приказа опубликовать его в средствах массовой информации;

в течение тридцати календарных дней со дня подписания настоящего приказа опубликовать в средствах массовой информации консолидированную годовую финансовую отчетность акционерного общества «Медицинский университет Астана» за 2016 год.

3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на Департамент государственных закупок и активов.

4. Настоящий приказ является решением единственного акционера акционерного общества «Медицинский университет Астана» и вступает в силу со дня его подписания.

**Вице-министр здравоохранения  
Республики Казахстан**



**Л. Актаева**